

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ
ХРОМТАУ АУДАНЫ
«ЖҮЛДЫЗ» БӨБЕКЖАЙ-
БАЛАБАҚШАСЫ
031104, Ақтөбе облысы,
Хромтау ауданы, Көктау ауылы
Абай көшесі, 6 А
Тел: 8 (71336) 43-2-03
E-mail: nugmanova_1979@mail.ru



РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН
АКТЮБИНСКАЯ ОБЛАСТЬ
ХРОМТАУСКИЙ РАЙОН
ЯСЛИ-ДЕТСКИЙ САД
«ЖҮЛДЫЗ»
031104, Актюбинская область,
Хромтауский район, село Коктау,
улица Абая, 6 А
Тел: 8 (71336) 43-2-03
E-mail: nugmanova_1979@mail.ru

Бұйрық
«05» қыркүйек 2022 ж
Көктау ауылы

№ 21

Приказ
«___» _____ 2022 г.
село Коктау

**«Ақтөбе облысы білім беру басқармасы
Хромтау ауданының білім Бөлімі» ММ-нің
МКҚК «Жұлдыз» бөбекжай-балабақшасы
өзін-өзі бағалауды өткізу туралы**

Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 5-бабының 9) тармақшасына, 59-бабының 4) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 02 ақпандағы №124 «Білім беру ұйымдарын бағалау критерийлерін бекіту туралы» бұйрығына, 2021 жылғы 10 қыркүйектегі №700 «Білім беру ұйымдарын өзін-өзі бағалауды ұйымдастыру және жүргізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарға» сәйкес 2022 жылғы №2 педагогикалық кеңестің хаттамасы негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2022 жылғы 05 қыркүйек 2022 жылғы 09 қыркүйекке дейін МКҚК «Жұлдыз» бөбекжай-балабақшасының өзін-өзі бағалауы талдансын және өткізілсін.

2. Білім беру ұйымының өзін-өзі бағалауды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік комиссия құрамы бекітілсін.

Комиссия төрағасы: МКҚК «Жұлдыз» бөбекжай-балабақшасының меңгерушісі
З.Б.Нугманова.

Комиссия мүшелері:

Әдіскер А.Е.Каюпова

Тәрбиеші: С.С. Макарова

Тәрбиеші: К.Е. Досаналина

Есепші С.А. Тойманова

3. К.А. Конысбаева – комиссия хатшысы болып тағайындалсын.

4. Комиссия білім беру ұйымдарын бағалау критерийлеріне және білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарға сәйкес білім беру ұйымының өзін-өзі бағалауын жүргізісін.

5. Комиссия мүшелері 1 жыл ішінде, 2021 – 2022 оқу жылы бойынша білім беру ұйымының өзін-өзі бағалауы бойынша есептер дайындасын:

Каюпова А.Е. – МДТО үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін пәндік-кеңістіктік дамытушы орта құру;

- МЖМБС және МДТО үлгілік оқу бағдарламасының талаптарына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын орындауды қамтамасыз ететін "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту" мамандығы бойынша білімі бар педагогтердің болуы;

- жеке оқу жоспарлары мен жеке бағдарламаларды әзірлеу кезінде баланың ерекшеліктерін ескере отырып ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды оқытуда инклюзивті білім беру талаптарын орындау;

Макарова С.С. - баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын оқыту нәтижелерінің болуы;

- "Денсаулық", "Қатынас", "Таным", "Шығармашылық", "Әлеумет" білім беру салаларына негізделген мектепке дейінгі тәрбиемен оқытудың мазмұнын түрлі іс-әрекеттерді ұйымдастыру арқылы оларды кіріктіру жолдарымен іске асыру;

- тәрбиеленушілердің даму мониторингісінің (бастапқы мониторинг) болуы.

К.Е. Досаналина - Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар:

11) МДТО ҮОЖ белгіленген тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптарға сәйкестігі және сақталуы;

- Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың МЖМБС 2-қосымшасына сәйкес 1 жастан бастап мектепалды даярлық тобына қабылданғанға дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының тізбесін игеру бойынша оқыту нәтижелерін бағалауға қойылатын талаптар; оқу мерзіміне қойылатын талаптар;

Тойманова С.А. - материалдық – техникалық база, негізгі құралдарды сатып алу.

6. Комиссия білім беру ұйымының өзін-өзі бағалауын 2022 жылғы 30 қыркүйекте қорытындыласын.

7. Білім беру ұйымының өзін-өзі бағалауын жалпы жоспарлау мен басқаруды өзіме қалдырамын.

8. 2022 жылғы 28 ақпанда білім беру ұйымының өзін-өзі бағалау қорытындылары бойынша педагогикалық кеңес өткізілсін.

9. Білім беру ұйымының өзін-өзі бағалау қорытындысына құжаттарды дайындау үшін жауапкершілік әдіскер А.Е.Каюповаға және хатшы А.А.Сартаеваға жүктелсін.

10. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

МККК «Жұлдыз» бөбекжай –

балабақшасының меңгерушісі: З.Б. Нугманова



Таныстым:

А.Е.Каюпова 
С.С. Макарова 
К.Е. Досаналина 
С.А.Тойманова 
А.А.Сартаева 